

Дидекем деген...

Өмір бойы өзгелерге таңдана жүріп, өзің бір рет те біреуді таңдандыра алмасаң – өкініш!

Ақтан Нұрбаев ақын жайлы «Өкініш» мақаласы, 1997 ж.

– Зеке, алтыннан тіс салдырсақ та, дәмді кейде өзіміз де сезбей қаламыз, – деп, Есағаң қалжыңдаған болды. Тегі Зекеңнің көңілін көтергісі келді-ау деймін. Осы сәтті пайдаланып қалған мен:

– Сіз дәмді қайдан сезеді? Есаға Алмалы-салмалы тісіңіз бірде қалтаңызда жүреді, бірде үйде қалып қояды, – дедім әзілді жандандыра түсейін деп. Сосын Зекеңе мына жайды айтып бердім.

– Өткен бір жолы Баспалар үйіне кіріп келе жатсам, есік аузында бүкіл қалтасын ақтарып мына Есенбай ініңіз тұр. «Ау, құда, не жоғалттыңыз, не іздеп жатырсыз?» – деймін. «Тісім жоқ, тісім. Стоматолог балам кеше ғана алтыннан бір тіс салдырып беріп еді. Аузыңыз жаттыға тұрсын деп, әлі цементке де отырғызбаған. Сол тісім таңертең ғана бір ұртымда тұрған сияқты еді. Сол жоқ!» деп, есі шыққан Есағам автобуска қарай жүгіре жөнелгені.

Шіркін, сөздің, әзілдің күдіретін қойсаңшы! Манадан бері мұнайыңқырап, тұнжырап жатқан Зекеңнің қабағынан жылт еткен бір жылы ұшқын біліне қалды. Артынша басын көтеріп, диванға шалқалай отырды да:

– Тіс туралы сендерге бір қызық әңгіме айтып берейін, – деді жымыып. – Баяғыда маған дейін «Қазақстан» баспасында Жантекин деген кісі бас редактор болған. Сол кісі бірде қызмет бабымен Мәскеуге бара қалады. Дәл сол жерде тіс мәселесі есіне қайдан түскенін кім білсін, жөндетсем тура осы жолы жөндетейін, есі дұрыс емхана да, жөні түзу дәрігер де осында ғой деп, мүжілген кетілген тістерінің бәрін суыртып алмалы-салмалы тіс салдырып алады. Салғанда, тура алтыннан салдырады. Жарқырап тұр! Керемет! Айнаның алдында баяғы кетік Жантекин емес, аузы толған қазына, басқа Жантекин тұрғандай. Өттең, мынадай ауызды енді жора-жолдас, ағайын-туыс көрер ме еді дейді. Осы ойдың өзіне ұнап кеткені сондай, Алматыдағы әлгі жора-жолдас, ағайын-туыстың бәріне «Мен пәлен күні, пәлен поезбен, пәлен вагонға отырып, Мәскеуден шығамын. Қарсы алыңдар. Өздеріңнің Жантекиндерің» деген шұғыл телеграмманы шұғыл аттандырып жібереді. Сосын Алтын тістерін жарқыратып, поезға отырып, Алматы қайдасың деп жүріп кетеді. Алмалы-салмалы тісті түнде жатарда ауыздан алып, бір ыдыстағы суға салып қоятынды өздерің де білесіңдер. Жантекин де жатарда аузызындағы бүкіл қазынасын суырып алып, купедегі кішкентай үстел үстіндегі бір стақан суға салып қояды. Сөйтеді де алаңсыз ұйықтап кетеді. Ұйықтап жатқанда, кім білсін, түсінде алтын тістерін жарқыратып Алматы вокзалында вагоннан түсіп келе жатқанын, әлгі жора-жолдас,

ағайын-□туыстың бұның тісіне қызыға да қызғана қарап қалғанын көрген шығар Дәл солай болар ма еді, бірәж... Өттеген□ай десейші, таң ертең ояна салып, үстелге қолын созса, стақан жоқ. Стақанмен бірге алтын тіс те жоқ. Орнынан тұрып іздейді, етбеттеп жатып іздейді. Жоқ! Осы әредікте купеге жолсерік кіреді.

– Ау, аға, не іздеп жүрсіз? – дейді ғой ол, үстел астында еңбектеп жүрген Жантекинге.

– Түнде тістерімді мына үстелдің үстіне қойып қойған едім. Сол жоқ! – дейді Жантекин әбіржіп.

– Қалай қойдыңыз? Қандай тіс еді?

– Стақандағы суға салып қойғам. Алтын тіс еді... алмалы□салмалы.

– Ой, аға□-ай, мені құдай атқан екен ендеше, әлгінде купенің ішін жинап жүріп, стақанның ішіндегі сарғыштау бірдемені мусор екен деп, суымен қоса терезеден шашып жіберіп едім, – дейді ғой сонда жолсерік.

Амал жоқ, опырайған ауызбен ол Алматыға жетеді. Поезд вокзалға тақай бергенде, терезеден қараса, қолдарына гүл ұстаған жора□-жолдас, ағайын-□туыстары бұл отырған вагонға ілесіп, жүгіріп келеді екен. Оларға көрінуге тіпті бұрынғы мүжілген тісі де жоқ, Жантекин опырайған аузын теріс қаратып, ұрлана басып келесі вагонға өтеді де, байқатпай жерге түсіп, қалтарыс□-қалтарыспен қалаға шығып кетеді... Иә, тіс жоғалту деген оңай емес, мен сені түсінем, Есенбай, – деп Зекең жымия отырып әңгімесін аяқтады да, диванға қайта қисайды. Сосын есіне әлдене түскендей, оң қолымен жастықты құшақтай жатқан күйі маған жайлап басын бұрып:

*Зейнолла Серікқалиев туралы
«Соңғы жүздесу» еске алу мақаласынан.
2004 ж.*

Адамдығы үлкен, азаматтығы биік жандар қай жерде, қай заманда болмасын, «ала қойды бөле қырықпай», адам атаулыға адамзаттық көзқараспен қараған. Адамдық асылқ асиеттерді түг□-түгел тек ұлылар мен әдебиет төңірегінде іздеу артық. Көре білсек, жүрек жылуымен жанымызды жылытып жүрген жайсаң жандар осынау өмірде, қарапайым адамдар арасында да аз емес.

*«Адамдық ыстық жүрекпен...» мақаласында,
Петр Андрейч пен Надежда Павловна жайлы, 1978 ж.*

Іздей білсең, бар дүние, әйтеуір, қолға түседі; магазинде болмаса, кітапханадан табасың. Мысалы, балаң сұраған бір нәрсені білмей қалсаң,

орыс тілінде баяғыда шыққан көп томдық балалар энциклопедиясын қара, немесе тек бөбектер мен бастауыш класс оқушыларына арналған «Кто такой? Что такое?» атты екі томдыққа көз жүгірт. Мен бұл екі томдықты әрі энциклопедия, әрі анықтама, әрі әдеби шығармалар жинағы дер едім. Ал бізде ондай кітап бар ма? Жоқ. Балаларға арналған энциклопедия да жоқ...

– Өзіңіз қайда қызмет істейсіз? – дедік біз ыңғайсыз болса да.

Ол күлді. Күлді де:

– Қызық, кеше бір эстон жігіті маған тура осы сұрақты қойғаны бар. Драмтеатрда «Қаракөзді» көріп отырғанбыз. Құлағына наушник киген көршім қолымдағы Конрадтың «Восток и запад» деген кітабына қайта-қайта қарай берді. Сосын үзіліс кезінде ол «Көре тұрайыншы?» деп, кітабымды сұрап алды да, біраз парақтап шыққан соң: «Көптен іздеп жүрген дүнием еді, әттең, таптырмайды» деді. Сосын өзінің Тарту университетінде оқитынын, қазір мұнда практикада жүргенін айта келіп: «Өзіңіз қайда қызмет істейсіз?» деген. Мен оған құрылыста істейтінімді айтып едім, ол маған бір, кітабыма бір қараған... Мен бұл кітапты театрға бара жатып, жолай бір танысымнан үш-ақ күнге сұрап алғанмын. Сөйте тұра оны эстон жігітіне қиналмай-ақ бере салдым. Қазақтың қасиетті шаңырағын қастерлеп, ұлттық өнерімізді ыждахатпен көріп отырған өзге бір ұлттың өкіліне ат мінгізіп жіберсе де артық емес қой...

– Сонда құрылыста кім боп істейсіз?

– Жұмысшымын. Биыл политехникалық институтты сырттай бітірем. Сонан кейінгі кәсіпті тағы көре жатармыз... Ал ғафу етіңіз, вокзалға асығып бара жатқан жайымыз бар. Мына жаман қараны жыл сайын жазда елге апаратын әдетіміз еді... Тіл сындырсын деген ғой, тәйірі. Жүр, Мұратжан, кеттік, – деп ол сыртқа беттеді.

«Қала эскиздері» мақаласы, 1984 ж.